

«Нұрай» мектепке дейінгі шағын орталық жеке мекемесі

«Күн» екінші кіші топ

Қош келдің Жаңа жыл

2022-2023 оқу жылы

Тәрбиешілер: Шекербекова А. Е

Шымкент

Қош келдің, Жаңа жыл

Жаңа жылыдың таңы неткен арайлы

Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды

Жаңа жылмен құтықтаймын бәріңді

Бақыт шаттық, молшылық әкелсін бәрімізге.

Құтты болсын ағайын!

Жаңа жылың тағыда.

Қол соғып қарсы алайық,

«Күн»тобының балдарын.

Әнмен балалар кіреді.

Сиқыршы : Жаңа жыл келді,
Азаймасын ән мен жыр.
Ел көңілін көтерсін,
Құтты болсын жаңа жыл!
Құттық таймын сіздерді!

Қараңдаршы айнала неткен керемет, әсем мына шыршамыздағы ойыншықтардың алуан түрлері бар екен. Бәрңмңзде әп – әдемі

Жаңа жылдық киімдерімізді киіп жиналып қалыппыз. Бірақ шамдарыміз көңілсіз, қане менің сиқырлы таяғымның көмегімен, сендердің әдемі сөздеріңмен шамын жағайық!

Балалар: Қуант бзді, таңырқат

Шамдарыңды жарқырат. (3 рет)

Жүргізуші: міне керемет, балалар

Ал енді, әнімізді шырқайық.

Қарақшы: әуенмен кіреді

Балалар мұнда не сумдық болып жатыр не мынаның бәрі іліп – іліп тастағансыңдар, мені неге мерекеге шақырмайсыңдар, қандай мереке тойлап отырсыңдар?

Балалар: Жаңа жыл.

Қарақшы: Ал олай болса мені неге шақырмайсыңдар.

Жүргізуші: қарақшы сен ашуыңды бас, бізбен бірге мерекені тоила

Жаңа жыл мерекесі келіп қапты.

Қарақшы: Ал олай болса неге мені бірінші шақыр майсыңдар, сол үшін мына шыршаларыды шауып шауып тастаймын, кәзір шамын өшіріп тастаймын сендерге осы керек пе?

Жүргізуші : қарақшы ашуыңды басшы оданда мына балаларға қарашы

Өздері неткен әдемі киімдері неткен керемет оданда

Балалармен бір керемет ойын ойнасаң қайтеді.

Қарақшы: қане қарайын қандай әдемі болғандарын А,А мына балдар мен ойнасам болады екен менің сүйікті ойным бар.

Ойын: қоңыру ойыны.

Қарақшы: неткен өздерің ақылды едіңдер рахмет сендерге ал мен енді

Қайтайын сау болыңдар.

Жүргізуші: балалар бізге тағы қонақ келе жатыриекен .

Қоян : сәлеметсіздер ме, балалар мен тұрмын қуанып, шаттыққа бөлеп бір

Бір жыл бойы сіздермен дос болайық шаттанып.

Би:

Айназ

Қызыл ала шапаны
Сағындым аяз атаны

Ерәлі

Тамаша, тамаша
Шыршамыз тұр жараса
Басында әсем жұлдызы
Көз тоймайды қараса

Ойын : шариктерді өз себетіне салу

Жүргізуші: Қанекей балалар барлығымыз бірге Аяз атаны шақырайық.

Балалар : Аяз ата Ақшақар ау (3 рет)

Аяз ата :

Құтты болсын балалар
Келген жаңа жылдарың
Алаңдамай өсіңдер
Еркелеп қыз, ұлдарым
Өткен жылы келіп ем
Бәріңді де көріп ем
Жыл өткізіп келем деп
Уәдемді беріп ем

Ойларың мен бойларың да
Бірдей өсіп қалдыңдар ма?

Балалар : Аяз ата

Ақшақар:

сәлеметсіңде ме балалар.
Жаңа жылдарың құтты болсын!
Сүйсіндірер маңайды
Ақшақармын арайлы

Аяз ата : балалар сендердің шыршаларың неге жан бай тұр.

Қане сиқырлы сөзімізді айтайық.

Таңырқат, таңырқат шыршамызды жарқырайт.

Жүргізуші: қош келдіңіздер баршаңызда,

Алыс жолдан келдіңіздер

Әсем әнді де , би де бар

Отыр ата сәл демал.

Би: ұлпа қар

Тақпақ:

Ахмет

Аппақ тонға оранып,
Базарлықты мол алып.

Келді алыс сапардан

Аяз ата оралып

Айдар

Аппақ тонға оранып,

Базарлықты мол алып

Келді алыс сапардан

Аяз ата оралып

Ақшақар мен сұрақ жауап.

Шырша бүгін кәделі сендер әрі әдемі . Ерәлі

Білсең атын тез атакеледі бізге Аяз ата. Айназ

Ойын күлкі таралсын құтты болсын жаңа жыл . Ахмет


Ои жарайсыңдар балалар өздерің неткен ақылдысыңдар

Би: погримушка

Аяз атадан силық балдарға

Жүргізуші: құрметті балалар қонақтар, «Қош келдің жаңа жыл !» атты ертеңгілігіміз аяқтлып қалды. Осындай керемет өтуіне ат салысып

Ата – аналар әріптестер сіздерге рахмет. Жаңа жыл құтты болсын, отбасыларыңызға тек бақыт пен қуаныш әкелсін.



Ағабекова Э.Қ.

Тақырыбы: «Алтын күз, әсем айналам,
Еліне береке сыйлаған»

Жүргізген: Альжанова М.Ш
Онгарбаева Н.А

«Алтын күз, әсем айналам, Еліне береке сыйлаған»

Музыка ойнап, әсем безендірілген залға балалар кіреді.

Назерке: Келді міне алтын күз,
Сары шашты жарқын жүз.
Мол өнімді ісімен,
Таңдандырып халқын күз.

Сәлеметсіздерме, қадірлі қоңақтар! Бүгінгі берекелі де ырысты алтын күз
құрметіне арналған мерекемізді бастаймыз.

Балаларымызды қарсы алайық жапырақтар биімен.

Би: «Жапырақтар»

Ахмет	Айназ
Сұлтанхан	Көркем
Нұрдаулет	Айшуақ
Бекбол	Дамелия
Айдар	Аяулым

Мейрамкүл: Аспанды сұрғылт бұлт,
Жан-жақтан жабады.
Күн бірте суытып,
Жауын көп жауады-дей отырып балаларымыздың күзге
арнаған тақпақтарын қабыл алыңыздар.

Айсұлтан: Көк майсалы көрікті,
Алқаптағы көп егін.
Бұл күндері киіпті,
Сары жібек көйлегін.

Дамелия: Ағаштардан жамырап,
Ұшты кенет жапырақ.
Ой, алақай, тамаша,
Шашу шашты жапырақ!

Ахмет: Алтын, сары, қызыл, көк...
Алуан-алуан жапырақ,
Күзгі бақта күлімдеп,
Көз тартады жапырақ.

Ерәлі: Алқаптан бидайды
Қоймаға ел жинайды.
Тырнасы тізілген,
Ұнатам күзді мен.

Дария: Аспанды сұрғылт бұлт,
Жан-жақтан жабады.
Күн бірте суытып,
Жауын көп жауады

Райымбек: Берекесін сыйлауға, өлкемізге күз келді,
Жемістерін жинауға, шақырады біздерді.

Бейбарыс: Айнала сары ала,
Қырманға дән тола.
Жемістер пісіпті,
Қоймаға түсіпті.

Айшуақ: Қуаныштың ағайын,
Қоңырауын қағайын.
Қуандырып біздерді,
Өлкемізге күз келді.

Бекбол: Жемісі мол теретін,
Күз дос екен бізбенен.
Бәрін тауып беретін,
Жомарт екен күз деген.

Назерке: Балаларымыздың көңілді әнін қабыл алыңыздар.

Ән: «Күз келгенде»

Күз келгенде балалар,
Жаңбыр жерге жауады.
Күз келгенде балалар,
Аспанды бұлт жабады.
Сатыр-гүтір, сатыр-гүтір,
Жаңбыр солай жауады.
Сатыр-гүтір, сатыр-гүтір,
Жаңбыр солай жауады.

Күз келгенде балалар,
Жаңбыр жауар себелеп.
Қанаттары су болып,
Тығылады көбелек.

Сатыр-гүтір, сатыр-гүтір,
Жаңбыр солай жауады,
Сатыр-гүтір, сатыр-гүтір,
Жаңбыр солай жауады.

Мейрамкүл: Ал, балалар, балалар,
Енді бері қарандар.
Бізге қонақ келмекші,
Сендерді бір көрмекші.
Әуелі жұмбақ жасырам,
Құлығымды асырам.
Таба алсаңдар шешімін,
Қонағымды дәл ортаға шақырам.

Жұмбақ: Жиым-терім болатын,
Қамбаға астық толатын.
Қызыл қырман ойнайтын,
Қай мезгіл деп ойлайсың?

Балалар: Күз

Назерке: Дұрыс, күз мезгілі.

Ал, күзде табиғатта қандай өзгерістер болады екен?

Балалар: Күн салқындайды, жаңбыр жауады, жапырақтар сарғайып түседі,
құстар жылы жаққа ұшып кетеді, адамдар жылы киінеді.

Мейрамкүл: Өте жақсы. Ендеше, уәде еткенімдей ортаға қонағымыз-Алтын күзді шақырайық! (музыка ойналып, ішке Алтын күз кіреді)

Алтын күз: Сәлеметсіңдерме, балалар!

Сәлеметсіздерме, қонақтар!

Мен-Алтын күзбін!

Жайдары, жарқын жүзбін,

Қонаққа келдім сендерге.

Сәбіз, картоп, тәтті алма!

Оған достым таң қалма!

Жапырақта қиқырлы,

Ойын-ойнар түр-түрлі!

Назерке: Күзде өздері пісетін, тамаққа кеп түсетін,

Мақтанбақшы сендерге, көкөністер сан түрлі!

Манзура: Тал шыбығым бұралып,

Бақшаларда қызарып.

Тұрған ол, мен-қызанақ,

Күнге қарап ұялып!

Нұрдаулет: Картоп-біздің атымыз,

Жер астында жатырмыз.

Бір тамырдан тараған,

Ағайынбыз бәріміз!

Ердәулет: Өсіретін бойыңды,

Дамытатын ойыңды.

Қоянға да азықпыз,

Сәбіздерміз жазықсыз!

Аяулым: Ақ түсім бар қант алар,

Қызыл түсім қанға нәр.

Зияным жоқ біліп қой,

Қызылшамын пайдам бар.

Сұлтанхан: Көрсең егер бақшада,

Доп екен деп қалма,

Шөл қандыра қарбызбын,

Ерте үзіп алма.

Әл-Фараби: Иісім жұпар аңқыған,
Бақшадағы шырынмын.
Жеп көргенде тамсанған,
Балдай тәтті қауынмын.

М.Айсұлтан: Тандандырар бәрін,
Асқабақпын дәмді.
Кептірілген дәнім,
Таптырмайтын дәрі!

Алтын күз: Балалар мен сендермен бір ойын ойнағым келіп тұр.

Ойын: «Күн мен жаңбыр»

Шарты: Күн шыққанда балалар ойнайды. Жауын жауғанда үйшікке тығылады.

Мейрамкүл: Жарайсыңдар, балалар!

Көрдіңізбе, Алтын күз, біздің балалар қандай епті, жылдам. Олар сізге себетпен би билеп бермекші.

Би: «Себеттегі бүлдірген»

Бейбарыс-Ердәулет

Ерәлі-Ғайни

М.Айсұлтан-А.Аяла

Мұстафа-Әлфараби

Белес-Хантөре

Райымбек-Т.Айсұлтан

Назерке: Бізге қонаққа жемістерде келген екен, енді жемістер туралы тақпақтарымызды қабыл алыңыздар.

Ғайни: Мен алмамын, алмамын,
Таңдай жұлар бар дәмім.

А.Аяла: Жапырақты тасалап,
Өсетін жері бақша-бақ,
Күрең қызыл шіркін-ақ,
Менің атым құлпынай.

Айназ: Мен моншақтай шиемін,
Құмарсыңдар білемін.
Кетіп қалып жүрмесін
Тамағыңа сүйегім.

Көркем: Мені бәрі жүзім дер,
Бір-бірлеп дәмдеп үзіп жер.
Қызықтырам көркіммен,
Қатар-қатар тізілген:

Мұстафахан: Мен өрікпін, өрікпін,
Табиғатқа көрікпін.

Хантөре: Мен алмұртпын, армұртпын,
Аузындамын бар жұрттың.

Айдар: Сырты қандай қатты,
Дәні сондай тәтті.
Шағып қара тандап,
Менің атым-Жаңғақ.

Белес: Иісім жұпар жидемін,
Даладамын, үйдемін.
Күзге қарай құлпырып,
Мен ерекше күйдемін.

Мейрамкүл: Біздің қыздарымыздың сән үлгілерін қарсы алыңыздар

Назерке: Ән: «Күзгі вальс»

Мерекелі, берекелі
Келді алтын күз,
Жайма шуақ, күн сәулелі,
Келді жарқын күз.
Жеміс толы айнала,
Астық толды қамбаға,
Алтын күзге арналып,
Айтылады әнім.

Аралайық күзгі бақты,
Қандай тамаша,
Кел шырқайық күзгі вальсты,
Билеп жараса.
Жеміс толы айнала,
Астық толды қамбаға,
Алтын күзге арналып,
Айтылады әнім.

Мейрамкүл: «Алтын күз, әсем айналам, Еліне береке сыйлаған» атты ертеңгілігімізді тамашалағандарыңызға рахмет.

	Көркем	Сұлтанхан
Айсұлтан	Бекбол	Айшуақ
Райымбек	А.Аяла	Ерәлі
Бейбарыс	Айдар	Гайни
Аяулым	Нұрдаулет	Хантөре
Мұстафахан	Айназ	Манзура
Ердәулет	Белес	Ахмет
М.Айсұлтан	Әлфараби	Дамелия

«Нұрай» мектепке дейінгі шағын орталық

Қош келдің, Жаңа жыл

«Ботақан» ересек тобы

Жүргізген: Альжанова М.Ш.

Шымкент 2023 ж.

«Қош келдің, Жаңа жыл»

Жүргізуші: Барлық жандар бір білікке қосқан үн,
Бақытты боп бастады жыл дастанын.
Қуанышпен келді той деп жаңа жыл,
Құтты болсын жаңа бақыт достарым.

Жүргізуші: Құрметті балалар, ата-аналар, ұстаздар, қонақтар. Жаңа жыл мерекесіне арналған «Қош келдің, Жаңа жыл» атты ертеңгілігімізді бастауға рұқсат етіңіздер.

Жүргізуші: Жаңа жылдық құттықтау сөзін меңгерушіміз Эльниса Қуанышбекқызына береміз.

Жүргізуші: Осындай тілектен соң біз енді ертегілер еліне саяхат жасап, жаңа жылымызды әрі қарай мерекелейік.

Сайқымазақ: Армысыздар, Халайық! Жақсы жайғастыңыздар ма, қымбатты достарым? Бәрі естіліп, көрініп тұр ма? Сендермен кездескенімізге өте қуаныштымыз. Біз бүгін жаңа жылдық мерекені тойлағалы отырмыз. Бүгінгі мерекемізді көңілді әуенмен шыршаны айналып өтуден бастайық.

Ән: «Жаңа жылды қарсы алайық»

Ән салайық қол соғайық,
Жаңа жылды қарсы алайық.

Топ топ топ басайық,
Алақанды соғайық,
Топ топ топ басайық.
Маңайды шолайық!

Ал балалар біз тұрмайық,
Би билейік, жыр жырлайық.

Сайқымазақ: Біз мұнда жай отыру үшін емес, ән айтып, би билеуге келдік. Сондықтан көңіл көтерейік. Мен сендерге биші қыздарымызбен балаларымызды шақырамын.

Би: «Жаяу»

Манзура-Ахмет

А.Аяла-Айдар

Аяулым-Сұлтанхан

Гайни-Бекбол

Дария-Ерәлі

Жүргізуші: Бұрыннан болған екен Аяз ата,
Тосады екен балалар қысқы уақытта.
Ақшақарды қасына ерітіп алып,
Жер бетін шарлайды екен дамыл таппай.

Бәріміз қосылып бар даусымызбен Аяз ата мен Ақшақарды ортаға шақырайық.

Сайқымазақ: Қане бәріміз қол шапалақтап қарсы алайық! (Аяз ата Ақшақарымен бірге кіріп келеді)

Аяз ата: Аяулы ата-аналар, ардақты ұл қыздарға,

Бүлдіршін балаларға бір сәлем!

Қандай жарқын жүздерің,

Қандай әсем жырларың

Асулармен алысқан,

Асау желмен жарысқан

Аталарың сендерге,

Шаршап келді алыстан. (балалармен амандасады)

Ақшақар: Амансыздар ма, балалар, ұстаздар, ата-аналар. Өздеріңді сағынып келдік, жаңа жылдарыңыз құтты болсын, Өтіп кеткен Қоян жылына аман есен саулық тілеп, келер жылымыз Ұлу жылына табыс жыл, береке, бірлік әкелсін деп, тарих жыл болсын деймін.

Аяз ата қарашы, балалардың киімі қандай әдемі. Шырша да әсем безендірілген екен. Бәрі де сұлуланып кетіпті.

Шырша шамын жағайық, Жаңа жыл тойын ашайық. Барлығымыз «Шырша жан» «Шамдарыңды жарқырат» деп айтайық. (Барлығы айқайлайды, шырша шамдары жағылады)

Аяз ата: Берекелді балалар! Шыршамыз жарқырап, айналаға қуаныш сыйлауда. Шыршаның құрметіне ән айтып, шыршаны айналып өтейік.

Ән: «Шырша, шырша, шыршамыз»

Шырша тауда туыпты,

Шырша тауда өсіпті.

Енді бізге қонаққа,

Жасыл болып келіпті.

Шырша, шырша, шыршамыз,

Әнге қосылшы.

Шырша, шырша, шыршамыз,

Биге қосылшы.

Ойыншықтар тізілген,

Шырша бізге қарап тұр.

Қандай жақсы керемет,

Мерекеміз-Жаңа жыл.

Би: «Сайқымазақтар»

Мұстафахан

Альфараби

Хантөре

Бейбарыс

Нұрдаулет

Райымбек

Т.Айсұлтан

(биден кейін ескі жыл шығады)

Қоян жылы: Мен ескі жылмын сіздерге молшылық, бақыт әкелдім. Мына келер жылға айтар тілегім.

Қуанышты ортамыз сазға ұласқан,
Тілегім болсын мәңгі ашық аспан.
2024 жыл қадам басқан
Гүлденіп көркейе бер Қазақстаным.
Келесі жыл бастауын ұлуға беремін. (сахнаға ұлу шығады)

Ұлу: Сәлеметсіздер ме, кешіккен жоқпын ба, мен сондай асықтым, сондай жүгірдім, кешігем деп қатты қорықтым, уақытында жеттім бе?

Мен тағы бір қонақпын,
Он екі жылда оралар.
Үлкендерге ақ ниет,
Сіздерге де ақ ниет
Сіздерге де мың рахмет.

Барлығы: Қош бол, қоян, қош бол.

Ақшақар: Қош келдің жаңа жыл.

Аяз ата: Ал айналайын жаңа жыл, келген қадамыңа нұр бітсін. Мынау менің ұлдарыммен қыздарым, мынау халқым саған аманат. Он екі ай бойы бағып қағу сенің мойнында. Жақсы жыл бол, жаңа жыл.

Аяз ата: Бәрекелді жаңа жылым. Төрімізге шық.

Бірімізге жаңа бақыт, жаңа қуаныш ала кел.

Ұлу: Құрметтеріңізге рахмет. Шын көңілмен жаңа жылдарыңызбен құттықтаймын. Байқаймын барлықтарыңыз да мерекеге жақсы дайындалыпсыздар.

Ақшақар: Иә, барша балалар жаңа жылды қарсы алуға келіп тұр. Ал, менің кішкене ұлпа қарларым келе ғойыңдар.

Би: «Ұлпа қарлар»

Айназ	Көркем
Манзура	Асылым
Дамелия	

Аяз ата: Ал, балалар менімен ойын ойнағыларың келе ме? (иә, деп балалар шулайды)

Ойын:

Шарты:

Би: «Шокаладные зверушки»

Хансұлтан-Асылым Ердаулет-Манзура М.Айсұлтан-Айназ Нұрасыл-Көркем
Белес-Дамелия Марғұлан-Аяулым Нұрислам-Ғайни

Жүргізуші: Қане балалар Аяз атамызды ортаға алып өзіміздің дайындаған тақпақтарымызды айтайық.

Ақшақар: Қанекей балалар аяз атаға арнап тақпақ, өлең шумақтарымыз болса айтамыз.(аяз ата балалардың өлең шумақтарын тыңдап сыйлықтарын береді)

Ахмет: Безендіріп шыршаны,
Жыл қуантты баршаны.
Той-маскарад басталды,
Аяз оны басқарды.

Манзура: Қалып едік сағынып,
Күтіп алдық жабылып.
Жолын қойдық жарық қып,
Шыршаларға шам іліп.

Айдар: Ауыл маңы қар аппақ,
Қызықтар көп не түрлі.
Ақ дәптерді парактап,
Қыс отырған секілді.

А.Аяла: Тамаша, тамаша,
Шыршамыз тұр жараса.
Басында әсем жұлдызы,
Көз тоймайды қараса.

Сұлтанхан: Аппақ тонға оранып,
Базарлықты мол алып.
Келді алыс сапардан,
Аяз ата оралып.

Аяулым: Аяз ата ойды қырды,
Аралап жүр түгел шолып.
Қарсы алғалы Жаңа жылды,
Ол да көптің бірі болып.

Бекбол: Тілеймін мен бар әлемге,
Дос көп болсын жаңа-жыл.
Ата-әже, әке-шеше,
Құтты болсын Жаңа жыл.

Ғайни: Жаңа жылда, балалар,
Тек қуаныш көріңдер.
Ауырмандар ешқашан,
Мықты болу өзіңнен.

Ерәлі: Жылдың әнін бастайын,
Аяз-Ата кеп қалды.
Майысады жас қайың,
Көтере алмай көп қарды.

Дария: Жаңа жылда бақшамыз,
Гүлдей болып жайнасын.
Аман болсын барлық бала,
Шат-шадыман ойнасын.

Мұстафахан: Далада қар борайды,
Ақ мамыққа орайды.
Мұз болады, қатады,
Жып-жылтыр боп жатады.

Айназ: Жаңа жыл келгенде,
Қуанып қарсы аламыз.
Аяз ата келгенде,
Билейміз, ән саламыз.

Альфараби: Оралдың өлкеме,
Жаңа жыл армысың.
Оранды ақ көрпеге,
Асқартау, қарлы шың.

Көркем: Жаңа жылды қарсы алдың,
Мініп алып күймеге.
Мен де бүгін ән салдым,
Араластым биге де.

Хантөре: Жаңа жылым мол болсын,
Басқан қадам оң болсын.
Төрле, Төрле Жаңа жыл,
Бізге Құтты жыл болсын.

Бейбарыс: Әкем таңдап әкелді,
Ең үлпілдек шыршаны,
Иісі аңқыған шыршаны,
Жарқыраған шыршаны...

Дамелия: Ақ қар жапты даланы,
Ақ жамылды айнала.
Жарқыратып шамдарын,
Шырша келді ортаға.

Нұрдаулет: Айналамда ұшып жүр,
Ақ мамық қар себелеп.
Қалт-құлт еткен бейне бір,
Ақ қанатты көбелек.

Асылым: Жасыл желек жамылған,
Асыл моншақ тағылған.
Міне сұлу шыршамыз,
Көптен күтіп сағынған.

Райымбек: Ақ қырауға малынған,
Сақалы да мұрты да.
Аяз ата сағынған,
Сәлем берді жұртына.

Айшуақ: Тауда туып,
Тауда өсіп.
Шырша келді ортаға,
Қандай жақсы шыршамыз,
Ән шырқайық баршамыз.

Т.Айсұлтан: Ән айтамыз, би билейміз,
Біз көңілді баламыз.
Шаршауды біз білмейміз,
Тақпақ айтып, би билеп.

Хансұлтан: Ақша қар, ақша қар,
Аппақ болып қонасың.
Тоса қалсам қолымды,
Алақаныма толасың.

Ердәулет: Аспан жерге төгеді,
Ақ күмісін уыстап.
Жаңа жылда келеді,
Бізге қарай жылыстап.

М.Айсұлтан: Жаңа жыл, Жаңа жыл,
Жаңа жылға жаңа жыр.
Жасыл шырша жанында,
Билеп барлық бала жүр.

Нұрислам: Қайда қызық болса думан,
Аяз ата сонда болды.
Күндіз үйде ойнап бізбен,
Балалармен бірге болды.

Белес: Тоғай да, баулар да,
Ақ күміс жамылды.
Дала да, таулар да,
Өзінді сағынды.

Марғұлан: Әдемілеп біз ілген,
Ойыншықтар тізілген.
Қандай әсем шыршамыз,
Ән шырқайық баршамыз.

Нұрасыл: Жаңа жыл, Жаңа жыл,
Жаңа жылға жаңа жыр.

Ойын: Ата –аналармен «Стакан тасу шармен»

Шарты: Жеңіл стакандардың ішіне шарды ұріп келесі стол үстіне тасу.

Жүргізуші: Рахмет ата-аналар енді біздің балалардың әнін қабыл алыңыздар

Ән: «Жаңа жыл»

Жаңа жыл, жаңа жыл,
Жаңа жылда, жаңа жыр.
Жасыл шырша жанында,
Жадырап бар бала жүр.
Тамаша, тамаша,
Шыршамыз тұр жараса.
Басында әсем жұлдызы,
Көз тоймайды қараса.

Көрікті, бөрікті,
Аяз ата келіпті.
Беріп жатыр таратып,
Алма, анар, өрікті.

Қала нұр, дала нұр,
Құтты болсын жаңа жыл.
Шырша жаны көңілді,
Билеп барлық бала жүр.

Аяз ата: жарайсындар болалар Өнерлерің өте керемет болды енді
сыйлықтарыңды берейін.(сыйлық тарату)

Аяз ата: Жаңа жылдарыңызбен достар, шаңамызға мінейік, Ақшақарым,
алда барар ауыл көп, жыл қуантсын баршаны.

Ақшақар: Жаңа жылда сіздердің барлықтарыңызға жақсылық тілеймін.

Барлығы: Қош бол, Аяз ата, Ақшақар

Сайқымазақ: Міне, қымбатты балалар, бірлесіп, достасып өткізген мереке
қашанда қуанышты өтеді, достық, бірлік бәріне де жеңеді.

Аспанымызды бұлт торламасын. Көктегі күніміз сөнбесін.

Барлық Жандар бір тілекке қосқан үн,
Бақыт боп бастады жыл дастанын.

Қуанышпен келді той боп жаңа жыл.

Құтты болсын жаңа бақыт достарым.

Жүргізуші: Жаңа жылдарыңыз тағы да құтты болсын.

«Нұрай» мектепке дейінгі шағын орталық

Жыл басы-Наурыз!

Жүргізген: Оңжігітова А.

Шымкент 2023 ж.

Жыл басы-Наурыз!

17.03.2023ж.

Жүргізуші: Армысыздар, халайық!
Бармысыздар, халайық!
Наурыз тойын жұп жазбай,
Жылда қарсы алайық!
Мереке Наурыз жыл басы,
Наурыз тойы құтты болсын!

Томирис: Аманбысың, армысың халқым менің?
Ақтарған кең даламның алтын кенін,
Мереке басы болсын берекенің,
Ардақты Наурыз тойы, салтың елім.

Ерғазы: Наурыз тойын аңсап келем,
Ата-бабам жырлап келген.
Той думаның жалғассын,-деп,
Той бастарды жолдаймын мен.

Айзере: Көктем келді, Наурыз келді,
Жер көгерді,ел көгерді.
Дастарханын жайып дархан,
Жақсылық кел бақыт шашқан.

Маржан: Наурыз келді тойға ұласқан,
Наурыз тойы Құтты болсын!
Жер көгеріп малға толсын!
Ырыс тасып берекелі,
Өмір сүрсін бақытты елім.

Жүргізуші: Қашан да құт-береке орнасын деп,
Тойларда шашу шашу салты елімнің.
Уа, халайық теріп ал шашуыңды,
Қабыл қылсын халқымның ақ тілегін!

Шашу шашылады.

Раяна: Ал халайық тұрмайық
Әндетейік, жырлайық,
Ортамызды ашайық,
Ырыс тілеп бұл жылға.

Әдемі: Көлде аққу көкте қаз,
Орманда бұлбұл сайраған.
Көптен күткен көктем кеп,
Құлпырды дала жайнаған.

Наурыз аруы кіреді.

Наурыз аруы: Есенбісіздер, қырмызы гүлдей
Жайнаған берекелі елім!
Армысыздар, балалар!
Тағы келдім сендерге.
Наурыз тойын тойлатып,
Келіп жеттік елдерге.

Жүргізуші: Осы тойға арамызға келіп, айналаны гүлге ораған, Наурыз аруы төрлетіңіз.

Біздің өнерімізді тамашалаңыз. Біздің бүлдіршіндер өзіңізге арнап ән айтып береді.

Ән: «Алақай Наурыз» (Қарлығаш)

Жыл басы Наурыз мереке,
Жыл басы Наурыз береке
Тіршілік жаңа оянып,
Керілді міне кереге.

Наурыз келді ағайын,
Жарқырап кетті маңайым.
Құтты болсын Наурыз деп, Алақай наурыз келді деп,
Әдемі әнге салайын.

Наурызым келді жаңа күн,
Терейік гүлін даланың.
Қуантып ауыл аймақты,
Естілсін әні баланың.

Мұхамеджан: Наурыз тойы салтымыз,
Көгерсін деп халқымыз,
Көшеге тал егеміз.

Нурилла: Наурыз келді құт болып,
Мына бізге сүт болып.
Арқа аузымыз толады,
Бар жақсылық болады.

Мусик: Қарды ерітіп жылғасы,
Наурыз келді-жыл басы.
Шуақ төкті жарық күн,
Мейрамында халықтың.

Айлин: Бәйшешек гүл ашады,
Мұздай сайға қашады.
Суға толып өзен, көл,
Кемерінен асады.

Наурыз аруы: Қандай тамаша ән мен тақпақтарың. Ал енді ортаға қыздарымызды биге шақырамын.

Би: «Қамажай» (Ботақан)

Қожанасыр: Қожанасыр күй ойнап ортаға шығады.

Армысыздар, балалар?
Армысыздар, халайық?
Мен Қожамын
Шегі жоқ бұл даңқымның.
Өмірімді арнармын,
Бақыты үшін халқымның.
Ақпейілмен дос болам,
Жамандармен қастасам.
Құтты болсын Жаңа жыл.
Құтты болсын Наурызым!

Қожанасыр: Ал, балалар Наурыз мерекесінде ән айтып, би билейін деп жатқан шығарсындар. Олай болса біз қазір қазақтың ұлттық ойыны арқан тартысты ұлдармен ойнаймыз.

Ойын: «Арқан тартыс»

Би: «Көкпар» (Қарлығаш)

Ән: «Наурыз айы алақай» (Ботақан)

Той, той алақай,
Міне, келді-Наурыз ай
Күтерде бұл береке,
Әр жыл келеді бізге.
Науырыз, Науырыз,
Сені қарсы аламыз.
Науырыз, Науырыз,
Сені қарсы аламыз.

Той, той-Науырыз,
Көңілді ән саламыз.
Наурызда береке,
Салтанатты мереке.

Мақал-мәтел:

Найла: Ақ мол болсын, қайда барсаң жол болсын.

Сұлтанхан: Наурыз көже қалғанша, жаман қарын жарылсын.

Айзере: Наурыздан соң қыс болмас, мизамнан соң жаз болмас.

Көркем: Сәуір болмай, тәуір болмас.

Н.Аяла: Ұлыс оң болсын, Ақ мол болсын

Зейін: Жаңа жылдан соң жақсылық.

Бексұлтан: Көктем туа наурыз келер, Күн менен түн теңелер.

Айназ: Жақсылықтар жиынтығы –Әз Наурыз

София: Жаңа айдан жақсылық.

Би: «Қара жорға»(Қарлығаш)

Қожанасыр: Ал кішкентай бүлдіршіндер мерекемізді ары қарай тағы бір ойынмен жалғастырсақ

Ойын: «Асық ату»

Жүргізуші: Балалар сендерге мен жұмбақ жасырғым келіп тұр шешесіңдер ме?

Балалар: Ия.

Жұмбақтар: 1.Кішкентай ғана бойы бар,
Айналдырып киген тоны бар. (Қой)
2.Таптым,таптым тап жорға,
Табаны жалпақ боз жорға. (Түйе)
3.Аласа ғана бойы бар,
Қойнына тыққан наны бар. (Бидай)
4.Бойы бір қарыс,
Сақалы екі қарыс. (Жүгері)
5.Ертегі суреттері көрсетіледі: Балалар әнін орындап беруі

қажет.

Жүргізуші: Жарайсындар балалар өте керемет жауап бердіңдер. Ендігі кезекте балалардың биін тамашалайық.

Би: «Қамшы» (Ботақан)

Жүргізуші: Құрметті Қожанасыр бүгінгі ұлыстың ұлы күні наурыз мерекесінде өзіңізден бата сұраймыз.

Қожанасыр: Ұлыс оң болсын,
Қайда барсаң жол болсын!
Ұлыс бақты болсын,
Төрт түлік ақты болсын!
Ұлыс береке берсін,
Бәле-жала жерге енсін!
Әумин!

Ән: « Науырыз айы »

**«Нұрай» мектепке дейінгі шағын
орталығы» жеке мекемесі**

ЕРТЕҢГІЛІК

«Қарлығаш» мектепалды даярлық тобы

«Қош келдің жаңа жыл!»

Шымкент қ 2023

Қош келдің жаңа жыл!

2023ж

Жүргізуші: Армысыздар, ұстаздар, ата-аналар! Қош келдіңіздер, балалар! Мерекемізді бастамас бұрын балабақша меңгерушісі Эльниса Қуанышбекқызы сөз кезегін береміз.

Жүргізуші: Жаңа жылдың таңы неткен арайлы,
Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды.
Бақыт, шаттық, молшылық пен тыныштық,
Бәрімізге әкелсін мына арай жыл-деп бүгінгі мерекемізді
бастаймыз.

Кенет залда жарық сөніп қалады да, залға сиқыршы кіреді.

Сиқыршы: Мына жерде жарық жоқ па, қане сиқырлы таяқшаммен жарықты қосайын Алақай-махалай суф! Ой-ой-ой көзім шағылысып кетті ғой, Неткен әдемі шырша, Уау... Қандай керемет балалар тіпті бәрің мерекеге дайындалып келгендейсіңдер, сәнді киім киіп шаштарыңды әдемілеп.

Жүргізуші: Сәлеметсіз бе Сиқыршы! Әрине дайындалып келдік біз жаңа жыл мерекесін тойлағалы отырмыз. Ал өзіңіз не істеп жүрсіз, бізге қалай тап болдыңыз?

Сиқыршы: Мен бір орында отыра алмаймын біресе анда, біресе мұнда жүрем саяхаттап. Сүйтіп жаңа жылдың қалай келіп қалғанын байқамай қаламын. Маған бір ой келді. Сендермен бірге жаңа жылды қарсы алам қарсы емессіңдер ме?

Жүргізуші: Қалай балалар келісеміз бе?

Балалар: Ия...!

Жүргізуші: Олай болса алдымен әсем әнімізді орындайық

Ән: «Шырша жыры»

Сиқыршы: Балалар осы жаңа жылды ерекше етіп өткізгілерің келе ме? Олай болса қане ортаға шығып өнерлеріңді көрсетіндер.

Маржан: Жаңа күнде ән қылып

Тек жүреміз ән құрып

Көңілдердей қартаймай

Шырша тұрар мәңгілік

Әділет: Жаңа жыл- жаңа қадам, жаңа бақыт

Болашақ сыйлайтындай жаңа бақыт

Ұлу жылы келіп қалды ортамызға

Жақсылықпен жалғассын жаңа уақыт

Айзере: Жасыл шырша жағылды

Көңілдіміз бәріміз

Тақпақ айтып, ән айтуға

Әрқашанда дайынбыз

Рабия: Жаңа жылда жаңа бақыт тыныштық
Жаса, жаса, достық, бірлік туыстық
Құттықтаймыз келер жылды алдағы
Ескі жылмен қоштасамыз біз ыстық

Аяна: Әкелді жаңа ырыс құт
Әлемде той тамаша
Жарқын өмір жаңаша
Жаңа жылы тамаша

Зейін: Мәз болып жиналып көп бала
Бір- бірін құшақтап топтала
Ойыншық ілініп тұр шыршаға
Неткен ойыншық көп мұншама

Би: «Кавбой»

Сикыршы: Қандай керемет би, киімдері де қандай әдемі. Мен сендермен бір ойын ойнағым келіп отыр, ойнаймыз ба?

Балалар: Ия...!

Ойын:

Жүргізуші: Жарайсындар, қане ары қарай жалғастырамыз.

Аяла: Келіп қалды Жаңа жыл
Көңіл өсіп кеңейсін
Ортақ ойы арманы
Жақсы достар көбейсін

Алинұр: Оранды өлкеме
Жаңа жыл армысың
Оранды ақ көрпе
Асқар тау қарлы шың

Дастан: За окном снежок идет,
Наступает Новый год.
Песню громкую о том
Мы у елочки поем.

Айлин: Новый год стучится в дом,
Много снега за окном.
Будем весело встречать,
И подарки получать.

Мариям: Құтты болсын жаңа жыл, барша халық
Қуанышқа, шаттыққа тамсанайық
Бірімізге шынайы тілек тілеп
Бар әлемге бақытпен жар салайық.

Арнұр: Новый год! Новый год!

Ждали мы тебя весь год.

Ярко огоньки сверкают,

Нашу елку украшают.

Сұлтан-бейбарыс: Кел, жаңа жыл! Төрле-төрле жеріме!

Құт береке боп келгейсің еліме

Үміт арттым армандарға аяулы

Шаттығына бөлегейсің бәрін де!

Сафия: Жаңа жылға арналады жаңа жыр

Жаңа жылға шақырады жаңа өмір

Бақыт болып Жаңа жылым келді ғой

Құтты болсын, құтты болсын жаңа жыл!

Би: «Испан»

Қызықты сәт: Залға Қоян жүгіріп кіреді де, тоқтамаған соң сиқыршы сиқырлап қояды.

Сиқыршы: Туу қоян миымызды ашытып жібердің ғой кімнен қашып келе жатырсың дұрыстап айтшы.

Қоян: Мені ұлу қуып келе жатыр ол жаңа жыл, ал мен ескі жылмын.

Сиқыршы: Айналайын қоян біріншіден ұлу саған жетем дегенше мына балалар үйленіп бала-шағалы болады. Ал екіншіден жаңа жыл ұлудыкі болса жолыңды бересің.

Қоян: Менің кеткім келмейді.

Сиқыршы: Амал жоқ кетесің, сенде жаман жыл болған жоқсың, оданда балалармен бірге ән шырқап көңіліңді көтер деп сиқырын қайтарады.

Ән: «Келді міне жаңа жыл»

Қ.Раяна: Шырша қандай керемет

Ойыншықтар ілінген

Жымың қағып шамдары

Бүкіл қызық тірілген

Найла: Безендіріп шыршаны,

Жыл қуантты баршаны.

Той- маскарад басталды,

Аяз оны басқарды.

Құралай: Қала нұр, дала нұр

Құтты болсын жаңа жыл

Шырша жаны көңілді

Билеп барлық бала жүр

Азамат: Әкелді жыл ырыс- құт
Әлемде той тыныштық
Ән салайық тамаша
Би билейік жаңаша

Әдемі: Жаңа жылды тойлайық
Ойнап асыр салайық
Атамыздың сиқырлы
Таяғымен ойнайық

Адия: Қуанышты ортамыз сазға ұласқан
Тілегім болсын мәңгі ашық аспан
2024 жылы қадам басқын
Гүлденіп көркейе бер Қазақстан

Жүргізуші: Сиқыршы қолыңыздағы таяқшамен бір сиқыр көрсете аласыз ба?

Сиқыршы: Әрине мына қорапшадан биші қыздарды шығарайын ба?
Алақай-малахай, Суф!

Би: «Шығыс»

Жүргізуші: Балалар біз жаңа жыл мерекесінде ең басты қонақтарды ұмытып кеткен сияқтымыз.

Балалар: Ия! Аяз ата мен Қарша қыз

Жүргізуші: Қане олай болса ортаға шақырайық.

Балалар: Аяз ата, Қарша қыз (Зрет)

(ортаға Аяз ата мен Қарша қыз келеді)

Аяз ата: Сәлеметсіңдер ме, балалар! Сәлеметсіңдер ме, қонақтар! Келер жылымыз Жақсылығымен келсін деп тілеймін!

Қарша қыз: Сүйсіндірер маңайды,
Ақшақармын арайлы.
Жалт-жұлт еткен жүзіммен
Күміс сәуле тарайды.
Жаңа жылдарыңыз құтты болсын!

Жүргізуші: Мінекей балалар ортамыз толды енді ары қарай мерекемізді тақпақтармен жалғастырамыз.

Асылжан: Келді тағы жаңа жыл
Қуантумен біздерді
Құтты болсын жаңа жыл
Құттықтаймыз сіздерді

Бека: Жылдың әнін бастайын,
Аяз ата кеп қалды.
Майысады жас қайың,
Көтере алмай көп қарды.

Амир: Ақ қырауға малынған,
Сақалы да, мұрты да,
Аяз ата сағынған,
Сәлем берді жұртына.

Бақкелді: Аппақ тонға оранып,
Базарлықты мол алып.
Келді алыс сапардан,
Аяз ата оралып.

Бейбарыс: Жаңа жылым мол болсын,
Басқан қадам оң болсын.
Төрле, төрле жаңа жыл,
Бізге құтты жыл болсын.

Би: «Көңілді»

Ән:

Аяз ата: Жарайсындар балалар, өнерлерің қандай керемет. Ал енді Сикыршы қолындағы сикырлы таяқшамен балаларға арналған силықтарды жеткізсең.

Сикыршы: Жарайды Аяз ата, Алақай-малахай суф!

«Флишмоб»

«Нұрай» мектепке дейінгі шағын орталық

АЛТЫН КҮЗ

Жүргізген: Сүлейменова Ж.

2023

«АЛТЫН КҮЗ»

Жүргізуші: Армысыздар ардақты қонақтар, ұжымдастар!
Біздердің бүгінгі күзгі бақта өтетін «Алтын күз»
мерекесін бізбен бірге өткізуге қош келіпсіздер!
Құттықтау сөзін балабақша меңгерушісі Эльниса
Қуанышбекқызына береміз.

Жасұлан: Қуаныштың ағайын,
Қоңырауын қағайын.
Қуандырып біздерді,
Өлкемізге күз келді.

Кәусар: Айнала сары ала,
Қырманға дән тола.
Жемістер пісіпті,
Қоймаға түсіпті.

Ерсұлтан: Ендеше не тұрыс,
Болмасын жан қалыс.
Тойлайық, күлейік,
Қуанып билейік.

Жүргізуші: Ал балалар, балалар,
Қол соғайық тұрмайық.
Күзгі бақта күлімдеп,
Шырқап әнге салайық.

Ән: «Алтын күз»

Келді міне алтын күздің самалы,
Бұлттар төніп, күн суытты шамалы
Келді міне алтын күз
Келді міне жарқын күз
Байлығы мен мерекелі, берекелі

Алтын күзім берекелі болады
Қамба біткен ақ бидайға толады
Келді міне алтын күз
Келді міне жарқын күз
Байлығы мен мерекелі, берекелі

Алтын күз: Армысыңдар ма балдырғандар?!

Күзгі бақтағы қонақтар.
Өздеріңе әкелдім,
Күздің сыйын көз тартар.

Жүргізуші: Сәлеметсің бе, Алтын күз.

Жүргізуші: Олай болса

Аспанды сұрғылт бұлт,

Жан-жақтан жабады.

Күн бірте суытып,

Жауын көп жауады-дей отырып балаларымыздың күзге
арнаған тақпақтарын қабыл алыңыздар.

Бегімай: Көк майсалы көрікті,

Алқаптағы көп егін.

Бұл күндері киіпті,

Сары жібек көйлегін.

Демижан: Ағаштардан жамырап,

Ұшты кенет жапырақ.

Ой, алақай, тамаша,

Шашу шашты жапырақ!

Тимур: Аспанды сұрғылт бұлт,

Жан-жақтан жабады.

Күн бірте суытып,

Жауын көп жауады

Маулен: Берекесін сыйлауға,

Өлкемізге күз келді,
Жемістерін жинауға,
Шақырады біздерді.

Әслия: Келді міне күз,
Айнала сары түс.
Керемет, тамаша,
Қандай әсем күз.

Сұлтан: Думан толы асқарлы,
Күз мезгілі басталды.
Күз әуені көп жетті,
Әнге бөлеп жастарды.

Жүргізуші: Ендігі кезекте қыздарымыздың өнерін
тамашалаңыздар.

Би: «Жапырақтар»

Көркем	Раяна	Дана
Айзере	Ханшайым	Маржан
Айару	Томирис	Аслия
Еркежан	Айлин	Медина

Көрініс:

Тұмау: Мусик: Бұл не?

Мұнда не істеп отырсыңдар, неге шулайсыңдар?

Мен өзі қайда келдім?

Балалар: Бала бақшаға келдіңіз!

Тұмау: Мусик: Бала бақша?!

Ал сендер мені таныдыңдар ма?

Балалар: Жоқ танымадық

Тұмау: Мусик: Қыс келді

Күн суытты

Менсіз бола ма күндерің?!

Жөтел, тамақ ауырып, мұрын пысылдап

Мұның бәрін сыйлайтын «тұмау» деген мен ғой
Егер дендерің сау болса тез арада кетіңдер

Қыз: Бегімай: Біз бұл жерден кетпейміз,
Осында ойнап, күлеміз.

Тұмау: Мусик: Ха-ха-ха Ақымақтар
Күз мезгілі көңілсіз, ызғарлы, ойнауға да ыңғайсыз. Сонда не
істеп жүресіңдер?

Қыз: Біз бақшаға барамыз,
Көкөністер жинаймыз.
Тәтті салат жасаймыз,
Мықты болып өсеміз.

Қыз: Бегімай: Келіңдер көкөністер (көкөсіс тақпақтары
кетеді)

Томирис: Тал шыбығым бұралып,
Бақшаларда қызарып.
Тұрған ол, мен-қызанақ,
Күнге қарап ұялып!

Әбілмансур: Картоп-біздің атымыз,
Жер астында жатырмыз.
Бір тамырдан тараған,
Ағайынбыз бәріміз!

Ханшайым: Өсіретін бойыңды,
Дамытатын ойыңды.
Қоянға да азықпыз,
Сәбіздерміз жазықсыз!

Нүргүл: Көрсең егер бақшада,
Доп екен деп қалма.

Шөл қандырар қарбызбын,
Ерте үзіп алма.

Нұржігіт: Иісім жұпар аңқыған,
Бақшадағы шырынмын.
Жеп көргенде тамсанған,
Балдай тәтті қауынмын.

Нұрмахан: Көктеп ерте шырмалып,
Әсем мен бүр жарып.
Атым қияр теріп ал,
Жиі-жиі суарып.

Нұркелді: Таңдандырар бәрін,
Асқабақпын дәмді.
Кептірілген дәнім,
Таптырмайтын дәрі!

Айбол: Ақ түсім бар қант алар,
Қызыл түсім қанға нәр.
Зияным жоқ біліп қой,
Қызылшамын пайдам бар.

Тұмау: Мусик:

Мына тәбеташар дәмді екен,
Витамині көп екен.

Менің ондай жегім келмейді,
Оданда достарым микробтарды шақырайын

Қана микробтарым шығыңдар. (қалтаның ішіндегі
микробтарын жерге төгеді)

Қыз: Бегімай: Ал, біз микробтан қорықпаймыз.
Бізді сақтайтын пияз деген көкөніс.

Дана: Ең қадірлі пайдалы,
Көкөністің ішінде.

Ем береді, пиязбен
Тұмауданда қорғайды,
Микробтарды жояды.

Тұмау: Мусик: Ой көмектесіңдер,
Көзім ашып барады,
Микробтарым жүріңдер.

А, маған бір ой келді. Сендерді тұмаумен ауырту үшін,
жаңбырды шақырайын. (жаңбырдың дауысы шығады)
Үстерің су болып, мұрындарың ағады.

Қыз: Бегімай: Біз жаңбырдан қорықпаймыз, біз қолшатыр
алып, билеуге барамыз.

Би: «Қолшатыр»

Аяла	Ғаламнұр	Нүргүл
Кәусар	Бегімай	Диана
Мадина		Аружан

Қыз: Бегімай: Денсаулық мықты болу үшін,
Спортпен шұғылдану керек,
Тағыда жаттығу жасау керек,
Кел тұмау бізбен жаттығу жасашы.

Сергіту сәті: «Хокки Покки»

Тұмау: Мусик: Балалар мені кешіріңдерші, мен
көкөністермен дос болам, спортпен шұғылданам.

Қыз: Бегімай: Балалар тұмауды кешіреміз бе?

Балалар: Ия кешіреміз.

Жүргізуші: Олай болса балаларымыздың әнін қабыл
алыңыздар

Ән: «Тамшылар»

Кап-кап, тук-тук-тук,

Тереземді кім қақты?
Таңертең жаңбыр жауып
Балаларды оятты.

Кап-кап, дон-дон-дон,
Тамшылар тамып жатыр.
Егер шықсаң далаға
Қол шатырды ұмытпа!

Кап-кап, тук-тук-тук,
Көңілді жаңбыр жауды
Таңертең біз тағы да,
Серуендейміз далада!

Ойын: «Көкөністер мен жемістер»

Маржан: Мен моншақтай шиемін,
Құмарсыңдар білемін.
Кетіп қалып жүрмесін
Тамағыңа сүйегім.

Дамир: Сырты қандай қатты,
Дәні сондай тәтті.
Шағып қара таңдап,
Менің атым-Жаңғақ.

Мадияр: Мені бәрі жүзім дер,
Бір-бірлеп дәмдеп үзіп жер.
Қызықтырам көркіммен,
Қатар-қатар тізілген.

Ғаламнұр: Мен алмамын, алмамын,
Таңдандырар бал дәмім.
Пісіп толдым, мінекей!

Баптап келет бағбаным.

Жүргізуші: Ал, енді біздің жігіттердің биін қабыл алыңыздар

Би: «Саңырауқұлақ»

Нұрмахан Дамир Әбілмансур

Әмір С.Мансур Нұржігіт

Нұркелді Димаш Айбол

Сұлтан Альтайыр Алинұр

Ойын: Кім жылдам?»

Жүргізуші: Әсем әнсіз той бола ма?

Ән арнайық күзге жаңа!-деп

Ән: «Күзгі вальс»

Мерекелі, берекелі келді алтын күз,
Жайма шуақ, күн сәулелі, келді жарқын күз.
Жеміс толы айнала, астық толды қамбаға,
Алтын күзге арналып, айтылады әнім.

Аралайық күзгі бақты, қандай тамаша,
Кел шырқайық күзгі вальсті, билеп жараса.
Жеміс толы айнала, астық толды қамбаға,
Алтын күзге арналып, айтылады әнім.



«Бекітемін»
«Нұрай» мектепке
дейінгі шағын орталық»
менгерушісі
Ағабекова Э.Қ.

Ертенңгілік

Тақырыбы: «Күн дидарлы Қазақстан»

Жүргізген: Оңжігітова А.

2023 ж

«Күн дидарлы Қазақстан»

Жүргізуші: Сәлеметсіздер ме, балалар, әріптестер!

Бүгінгі 16-желтоқсан Тәуелсіздік күніне арналған балабақшамыздағы мерекелік ертеңгілігімізді бастаймыз.

- 1.Балалар, біздің Отанымыз қалай аталады? (Қазақстан)
- 2.Еліміздің президенті кім? (Кемелұлы Қасымжомар Тоқайев)
- 3.Еліміздің елордасы қай қала? (Нұрсұлтан)
- 4.Нұрсұлтан қандай қала? (Нұрсұлтан-бас қала, әдемі, үлкен қала)
- 5.Қазақстан қандай мемлекет? (Қазақстан Тәуелсіз, егеменді мемлекен)

Жүргізуші: Дұрыс айтасыңдар Қазақстан Тәуелсіз егеменді мемлекет болғанымызға биыл 30 жыл. Ол күнді біздер ерекше қуанышпен тойлаймыз. Тәуелсіздік бізге оңайлықпен келген жоқ. Тәуелсіздікті аңсаған жастар, ұлттық намыс құдіретін дүние жүзіне танытқан бұл оқиғаның құрбандары болған Қайрат Рысқұлбеков, Ләззат Асанова, Сәбира Мұхаметжанова, Ербол Сыпатаев. Осы батырларымыздың арқасында Тәуелсіз Қазақстанда бейбіт өмір сүріп жүрміз.

Рәміздерім-елдігімнің белгісі,

Білу керек бала-дағы ең кіші

Рәміздерім-Әнұран, Көк ту, Елтаңба

Рәміздерді жатқа білген жөн кісі

Егемендігіміздің белгісі Рәміздеріміз-Жалау, Елтаңба, Әнұран
(Балалардың назарын рәміздерге аудару)

Жалауымызға қараңдаршы мұнда не көріп тұрсыңдар

(Тудың түсі көгілдір, Ортасында күн, Күннің астында қыран құс, Оң жағында қазақтың ою-өрнегі)

Дұрыс айтасыңдар Мемлекеттік тудың авторы-Шәкен Ниязбеков
Жалау туралы тақпақты кім айтып береді?

Мадияр: Айнымайды аспаннан

Біздің тудың бояуы

Оны халық қашанда

Биікке іліп қояды

Жүргізуші: Елтаңбамызда не көріп тұрсыңдар?

(Ортасында шаңырақ, екі жағында тұлпар, жоғарыда жұлдыз,
астында-«Қазақстан»-деген жазу)

Дұрыс айтасыңдар, Елтаңбаның авторлары-Жандарбек Мәлібеков,
Шота Уалиханов

Ал Елтаңба туралы кім тақпақ біледі?

Кәусар: Құтты береке шаңырақ

Орын алған ол төрден

Қанатты қос арғымақ

Екі жақтан көмкерген

Жүргізуші: Үшінші ол Рәмізіміз ол Қазақстан Республикасының

Әнұраны. Авторлары-сөзі Жұмекең Нәжімеденов Нұрсұлтан

Назарбаев әні-Шәмші Қалдаяқов

Ал енді бәріміз бірге Қазақстан Республикасының мемлекеттік
әнұранын орындаймыз.

Жүргізуші: Отан туралы тақпақтарымызды айтайық.

Томирис: Қуат алған өзінен

Туған елдің ұлымын

Бақытты етіп өсірген

Отанымның гүлімін

Дамир: Отан-жерім, Отан-суым,

Отан қуат, нәр береді

Отан-ұран, Отан-туым

Отан мәңгі гүлденеді

Нұржігіт: Кең жазық Отан мекенім

Сен деп өсіп көктедім

Сені қорғау парызым

Мұны біліп өтемін

Әбілмансұр: Отаным менің Қазақстан
Мәңгілік сенімен мақтанам
Саяңда жүрсем әрдайым
Күлімдеп жүрем бақ табам

Жүргізуші: Жарайсыңдар! Олай болса бүгінгі мерекемізді әрі қарай
мың бұралған қыздарымыздың биімен жалғастырамыз.

Би:

Айлин	Томирис
Нүргүл	
Бегімай	Кәусар

Жүргізуші: Ендігі кезекті Менің Отаным-Қазақстан тақырыбында
тақпақтар айтамыз.

Раяна: Отаным менің-Қазақстан
Ыстық қой сенің топырағың
Орманын, көлін, бау-бағын
Қастерлеген қазағым

Демежан: Найзаның ұшымен қорғаған
Халқым менің мықты ғой
Ата-бабам әрқашан
Салт-дәстүрін сақтаған

Б.Мусик: Әрбір қазақ батыры,
Желбіреткен көк туын
Кең байтақ жерге қазағым
Егін егіп, мал жайған.

Ән: «Тәуелсіз ел ұраны»

Қазақстаным Отаным
Шалқыған шаттық ордасы
Тәуелсіздіктің ұраны
Шаттық ән жырдың арнасы
Елім де тыныш, жерім де тыныш
Бейбіттің әні, шырқалсын
Бақытты жерім, жақұтты жерім

Тіл көзден сені сақтасын

Тәуелсіз елдің ұраны

Қырандай көкке самғасын

Көк туым менің желбіреп

Тұғыры мәңгі таймасын

Жүргізуші: Балалар бүгінгі ертеңгілігіміз Тәуелсіздігімізге арналғандықтан Отан, туған жер, ел туралы мақал-мәтелдер айтайық.

Медина: Туған жер-тұғырың

Туған ел-қыдырың

Нұрмахан: Ел қадірін көрген біледі

Жер қадірін жүрген біледі

Нүргүл: Адам елінде көгерер

Қоға көлінде көгерер

Бегімай: Бөтен жердің гүлінен

Туған жердің тікені артық

Томирис: Өз елімнің басы болмасам да,

Сыйының тасы болайын

Дамир: Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық.

Мадияр: Елінен безген оңбайды,

Көлінен безген қонбайды

Б.Мусик: Отан үшін күрес

Ерге тиген үлес

Айлин: Отансыз адам

Ормансыз ұшқан бұлбұл

Демежан: Жат елдің жақсысы болғанша

Өз еліңнің сақшысы бол.

Жүргізуші: Ал, енді балалар сендерге бір сұрағым бар.

Сендер қай қалада тұрасыңдар? (Шымкент қаласы)

Сендер өз қалаларыңды жақсы көресіңдер ме? (Ия)

Олай болса ортаға шығып Шымқаламыз туралы тақпақ айтайық.

Кәусар: Шымқала неткен керім шырайлысың

Берекелі мекенім, шырай мүсін
Дала менен тауларың астасып тұр
Туған қалам мұншалық ұнаймысың.

Ерсұлтан: Ерге сын, елі жайлы білу керек
Туған жердің қадірін білу керек
Өмірге бір келесің, сол өмірді
Қолдан келсе Шымкентте сүру керек.

Нұрсезім: Шымкентім менің, Шымкентім
Шыр етіп түскен босағам
Өзіңмен мәңгі ниетім
Жүректе тамшы болса қан

Флешмоб:

Ән: «Атамекен»

Жасыл жайлау-түкті кілем, көк кілем,
Көк кілемде көп ойнаймын, көп күлем.
Айдарымнан сипап өткен самалды
Қазағымның алақаны деп білем.

Қайда жүрсе, атамекен,
Көкейіңде жатады екен.
Күннің өзі ұясына,
Қимай оны батады екен.

Жасыл жайлау-түкті кілем, көк кілем,
Көк кілемде көп ойнаймын, көп күлем.
Күннің нұрын, айдың аппақ сәулесін
Қазағымның махаббаты деп білем.

«Бекітемін»
«Нұрай» мектепке
дейінгі шағын орталық»
меңгерушісі
_____ Ағабекова Э.Қ.

Ертеңгілік

Тақырыбы: «Балалар күні құтты болсын»

Жүргізген: Сүлейменова Ж.

2023 ж

«Балалар күні құтты болсын»

Жүргізуші: Сәлеметсіздер ме, мерекеге келген қонақтар жиналған балалар.

Бүгін балалар 1-маусым Халықаралық балаларды қорғау күні. Бүгін біз осы мерекені атап өтпекшіміз.

Мерекемен бізді құттықтай келген қонақтарымызбен таныстырайын.

Ортаға: Қоян, Түлкі жүгіріп шығады.

Қоян: Салтанат: Сәлем балақайлар!

Түлкі: Мейрамкүл: Сәлем қошақандар! Бүгінгі мерекелерің құтты болсын.

Артынан **Сайқымазақ: Салтанат:** жүгіріп келіп.

—Бұл не мереке? Нені тойлап жатсыңдар? Маған неге айтпайсыңдар, а? Бізсіз ешқандай мереке болмайды?

Жүргізуші: -Тоқта, тоқта, сен кімсің өзі біздің мерекені бұзатын? Бүгін үлкен мереке, біз оны тойлаймыз, ешкім кедергі бола алмайды. Бізбен бірге тойлаймын десең, онда тәртіпті сақта. Балалар сайқымазақты қалдырамыз ба?

Балалар: Қалдырамыз.

Қоян: Салтанат: Олай болса қане мен туралы кім тақпақ айтып бере алады?

Құралай: Көжегім тұршы,
Бетіңді жушы.
Айнаға қарашы,
Шашыңды тарашы.

Бақкелді: Ормандағы аюдың,
Құлпынайы көп екен.
Теріп-теріп алайық,
Қалтамызға салайық.

Түлкі: Мейрамкүл: Мұның не Қоян бүгін балаларды қорғау күні болғандықтан, осы мерекеге сай тақпақтар айтылу керек қой. Қане кім айтады?

Дана: Бала баламыз,
Бақшамызға барамыз.
Күні бойы қызыққа,
Батамызда қаламыз.

Медеу: Бізбен бірге бар әлем,
Қуанады балаша.
Қуанышқа бөленген,
Өмір қандай тамаша.

Рания: Біз бақытты баламыз,
Ақылдымыз, данамыз.
Ертеңгі күн еліміздің,
Батырлары боламыз.

Мәулен: Балалар бақшасында бүгін той,
Балаларды қорғау күні біліп қой.
Алақай-ау, алақай,
Той тойлайық балақай.

Жүргізуші: Бәрекелді балалар. Ал сайқымазақ сенің қандай өнерің бар?

Сайқымазақ: Салтанат: Мен енді тақпақ ән айта алмаймын мен балалармен би билеймін.

Би: «Флешмоб»

Жүргізуші: Жарайсың Сайқымазақ керемет би биледің балалармен.

Ал енді, Қоян, Түлкі, Сайқымазақ балалармен бір ойын ойнауға қалай қарайсыңдар.

Түлкі, Қоян, Сайқымазақ: Ойнасақ ойнайық.

Ойын: «Шар жинау»

Шарты: Балалар үш топқа бөлініп шарларды қапқа жинау. Қай топ қапқа көп шар жинасы сол топ жеңімпаз болады.

Жүргізуші: Жарайсыңдар, керемет ойын болды. Қане әрі қарай мерекемізді тақпақтармен жалғастырамыз.

Ханшайым: Үйренеміз өнер біз,

Шетімізден шеберміз.

Тақпақ айтып, ән шырқап,

Билеп, билеп береміз.

Әбілмансұр: Әйбат жасыл ауламыз,

Көбелекте аулаймыз,

Бізге арнайы жасаған,

Сырғанаймыз таудан біз.

Ерғазы: Әзір титтай баламыз,

Әзір балаң ойымыз.

Тек қуамыз ойын біз,

Дегенмен де, күн санап.

Өсіп келе жатырмыз,

Беске толар батырмыз.

Жүргізуші: Бәрекелді балалар. Ал енді біздің балабақшамызға саяхат жасап келсек қалай қарайсыңдар.

Ойын: «Поезд»

Жүргізуші: Ал енді бүгінгі «Балаларды қорғау күніне» арналған мерекемізге арнап әнімізді орындайық.

Ән: «Әрқашан күн сөнбесін»

«Нұрай» мектепке дейінгі шағын орталық

1-маусым балаларды қорғау күні

Жүргізген: Оңжігітова А.

2023 ж

1-маусым балаларды қорғау күні

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, ата-аналар, қымбатты бүлдіршіндер мен сәбилер! 1-маусым балаларды қорғау күні құтты болсын! Баршаңызға ашық аспан, бейбіт өмір, сәбилерге бақытты балалық шак, әрқашанда сыңғырлаған күлкі тілейміз.

Баршамызды бала тілмен баурайтын,
Бала деген бір бақыт қой самғайтын.
Ата-ананың арманы мен тілегін,
Бала емес пе? Бал бұлақтан жалғайтын.
Сүп-сүйкімді періштелер сендерсіңдер,
Қандай бейне өздеріңе тең келетін.
Данышпан да, ғарышкер де, ғалым да,
Ең алдымен балалықты меңгерген.

Балалар 1-маусым 1950 жылдан бастап, халықаралық балаларды қорғау күні болып келеді.

Ал бүгінгі мерекемізді балаларымыздың әдемі өлең шумақтарымен бастайық.

Ахмет: Балалар бақшасында бүгін той!

Балаларды қорғау күні біліп қой.
Алақай-ау, алақай,
Той тойлайық, балақай.
Қызарғанша алақан,
Қол, соғайық балақай.

Сәулет: Бейбітшілік әніміз,

Өнерліміз бәріміз.
Қазақстан даласында,
Жарасады сәніміз.
Балабақша аясында,
Жадырайды жанымыз.

Айзия: Арманы бір, үні бір,

Аға ардақты, іні гүлд.
Бақыт туын көтерген,
Балалардың күні бұл.

Жасмин: Бізбен бірге бар әлем,

Қуанады балаша.
Қуанышқа бөленген,
Өмір қандай тамаша.

София: Гүлмен келсін келер күн,

Бала-бағы бар елдің.
Балалардың күлкісі.
Көркі, сәні әлемнің.

Сайқымазақтардың келуі: Бұл не деген мереке? Не тойлап жатырсыңдар?

Жүргізуші: Бізде бүгін, 1-маусым балалар күніне арналған үлкен мерекелік шара өтіп жатыр. Бізбен бірге тойлағыларыңыз келсе, қалып тойлауға болады. Балалар сайқымазақтарды қалдырамыз ба?

Балалар: Ия қалдырамыз.

Сайқымазақтар: Қане, балалар онда сендермен бір көңіл көтеріп ойындар ойнайық.

1. «Кім жылдам?»

Ойын шарты: Бірінші ойыншы қолына кубикті алып, жүгіру арқылы белгіленген орыннан айналып келіп, екінші ойыншыға кубикті береді. Ойын жалғасады, қай топ бірінші аяқтаса сол топ жеңіске жетеді.

2. «Секіргіш»

Ойын шарты: Ойыншылар белгіленген орыннан қаппен секіріп айналып келеді, екінші ойыншыға қапты береді, екінші ойыншы жалғастырады, қай топ бірінші болса сол топ жеңеді.

3. «Асық ату»

Ойын шарты: 2-3 метр қашықтықтағы асықты атып, қай топта көп асық болса сол топ жеңіске жетеді.

4. «Кеглиді доппен құлату»

Ойын шарты: 2-3 метр қашықтыққа тігілген кеглиді доппен ұрып құлату.

Қай топ барлық кеглиді құлатса сол топ жеңіске жетеді.

5. «Допты жалғастыр»

Ойын шарты: Барлық ойыншы бір қатарға тұрып допты жоғарыдан жалғастырып, соңғы ойыншы аяқтың арасымен алға қарай береді, қай топ допты жоғарыға бірінші көтерсе сол топ жеңіске жетеді.

Сайқымазақтар: Ой балалар сендер барлығың шапшаң, епті екенсіңдер, біз ұсынған ойындардың бәрін керемет ойнап шықтыңдар, біздің сендерге деген ойынымыз таусылды, енді достарымызды шақырайық. Олар сендермен ойнасын, сендердің ептіліктеріңді көрсін. (ысқырып түлкі аюды шақырады)

Түлкі, аю: Сәлеметсіңдер ме балалар! Мерекелерің құтты болсын! Бізбен ойын ойнағыларың келе ме?

Балалар: Ия

Олай болса бастайық.

«Көкөніс егіп, жинау»

Ойын шарты: Қыздар көкөністерді егіп шығады, ер балалар оны жинайды, қай топ бірінші болса, сол топ жеңімпаз.

«Іздерді бас»

Ойын шарты: Алақан, табан іздерін тура басып өту.

«Кім жылдам»

Ойын шарты: Әуенмен билеп әуен тоқтағанда, орындыққа отырып қалу.

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар. Керемет, епті, шапшаң екендеріңді көрсеттіңдер.

Би: «Флешмоб»

Ән: «Балабақша»

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар! Тағы да мерекелерің құтты болсын!
Дендерің сау болып, еліміздің ақылды, білімді, тәрбиелі азаматтары
мен азаматшалары болып өсе беріңдер!